АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «РАЙЫМБЕК АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

041419, Алматы облысы, Райымбек ауданы
Нарынкол ауылы, Райымбек көшесі, 22
Тел.: 8 (72779) 2-20-02, 8 (72779) 2-20-04
e-mail: raimbek_maslihat94@mail.ru
БСН 030740004479

АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ РАЙЫМБЕКСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА»

041419, Алматинская область, Райымбекский район,
село Нарынкол, улица Райымбека, 22
Тел.: 8 (72779) 2-20-02, 8 (72779) 2-20-04
e-mail: raimbek_maslihat94@mail.ru
БИН 030740004479

№_____

Райымбек ауданы әкімі аппаратының басшысы Г. Кенебаеваға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Сайлаушыларды жеке қабылдау барысында көтерілген мәселелерге байланысты төмендегідей ақпарат беруді сұраймын.

Нарынқол ауылында мемлекеттік қызметшілерге берілген тұрғын үйлердің қатарындағы бұрынғы судья Т. Сексенбаевтың пайдалануындағы тұрғын үйге қатысты оны босату және заңды иесіне қайтару жөнінде қандай шешім қабылданды? Қазіргі уақытта аталған тұрғын үйдің құқықтық мәртебесі қандай және оны заңды қайтару бойынша қандай нақты шаралар қабылдануда?

Сонымен қатар Жамбыл ауылдық округінде орналасқан Байынқол өзенінің арнасын тазалауға қатысты атқарылған жұмыстардың барысы қандай? Осы мәселе бойынша аудандық сотқа жүгіну фактісі және соттың қабылдаған шешімі туралы ақпарат беруді сұраймын.

Сот шешімі қабылданған жағдайда, оның орындалу барысы қандай? Қазіргі уақытта мердігер компания тарапынан қандай жұмыстар атқарылуда және жоспарланған жұмыстарды толық аяқтау мерзімі қашан?

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша қабылданған шешімдер, атқарылған жұмыстар және қазіргі жағдай туралы ресми ақпарат беруді сұраймын.

Құрметпен № 1 сайлау округінен сайланған
Райымбек аудандық мәслихат депутаты **Б. Жунисов**